


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТҚ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ASTANA POLYTECHNIC»
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОЛЛЕДЖДІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 12
ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ
КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІМЕН ҚАРАЛЫП,
№ 3 ХАТТАМАМЕН МАҚҰЛДАНҒАН
ТӨРАҒА А.А.С. С.А.АБЖАНОВА

КОЛЛЕДЖДІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАҢТАРДАҒЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІМЕ
ҚАРАЛЫП, № 4 ХАТТАМАМЕН
МАҚҰЛДАНҒАН
ТӨРАҒА Б.Қ.Р. Б.Қ.РЫСКАЛИЕВ



2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
КОЛЛЕДЖДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖҰМЫСЫ

Астана 2024 жыл

Белгілер мен қысқартулар

№	Қысқартылған сөздер	Толық атауы
1	2	3
1.	ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасындағы білім берудің тиісті деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
2.	ҚРБЖҒМ	Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
3.	ҚРОАМ	Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі
4.	ТжККББС	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты
5.	ОӘБ	Оқу-әдістемелік бірлестік
6.	ИПҚ	Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер
7.	ІТ	Ақпараттық технологиялар
8.	WS	WorldSkills
9.	ЖББП	Жалпы білім беру пәндері
10.	МТБ	Материалдық-техникалық база
11.	ТжКОБкБ	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары
12.	ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім беру
13.	ББ	Білім беру бағдарламасы
14.	АА	Аралық аттестаттау
15.	ҚА	Қорытынды аттестаттау
16.	ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
17.	ӨОЖ	Өндірістік оқыту жұмысы
18.	ПҚ	Педагогикалық құрам
19.	ҚТ	Қауіпсіздік техникасы
20.	Ө/о	Өндірістік оқыту
21.	ӘБҚ	Әкімшілік-басқару қызметкерлері
22.	ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
23.	ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары
24.	ОТЖ	Оқу-тәрбие жұмысы
25.	ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
26.	ОЖ	Оқу жұмысы
27.	ТӘК	Топтамалық әдістемелік комиссия
28.	СБР	Сандық білім беру ресурсы

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	5
2. Жалпы сипаттамасы.....	5
3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР	9
3.1. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнe техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі.....	9
3.2. ТжКОБкБ жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарттары (бар болса) талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы.....	11
3.3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы.....	18
3.4. ТжКББ ұйымы бекіткен оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары	18
3.5. Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар (болған жағдайда) үшін жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыру	18
3.6. Қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдетілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлемінің сәйкестігі (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін)	18
3.7. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін енгізе отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу	18
3.8. Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіптік модульдерді (әскери мамандықтарды қоспағанда) оқыту	18
3.9. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту	19
3.10. Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды әртүрлі бақылау түрлері арқылы үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу	21
3.11. Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерімен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталмаған адамдар болған кезде) әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы.	23
3.12. Білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталған адамдар болған кезде) әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы	23

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР:	23
4.1. Күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі	23
4.2. Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау	23
4.3. Әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау	23
4.4. Күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен кешкі оқыту нысаны үшін 70%-дан төмен емес және сырттай оқу нысаны үшін 30%-дан төмен емес міндетті оқу сабақтары уақыты көлемінің сақталуы	23
5. ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІНІҢ, САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ КӘСІПТІК СТАНДАРТТАРДЫҢ ДЕСКРИПТОРЛАРЫМЕН АЙҚЫНДАЛАЛАТЫН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР	24
6. ҚР ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 3 ТАМЫЗДАҒЫ № 348 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ТЖККББС ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН МЕҢГЕРУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ САҚТАЛУЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР	24
7. ҚОРЫТЫНДЫ	25
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ	26

1. КІРІСПЕ

Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өзін-өзі бағалауды ұйым қызметін жетілдіру кезеңдерінің бірі ретінде қарастырады.

«ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» өзін-өзі бағалау жұмысын өткізудің мақсаты - өз қызметі туралы жан-жақты мәлімет, түсінік алу, тұтынушылардың, қызметкерлердің, қоғамның қаншалықты қанағаттанғанын білу, аталған мақсатты негізге ала отырып, колледж қызметін жақсарту үшін басым бағыттарды анықтау. Өзін өзі бағалау туралы шешім колледждің педагогикалық кеңесінің шешімімен қабылданды (*Қосымша 1.1. Педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді*).

2. ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды және нақты орналасқан мекен-жайы)	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 39
Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы (лицензияның берілген күні мен нөмірі)	Колледждің білім беру қызметі "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі 26.06.2023 ж. берген № № KZ80LAA00034457 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүргізіледі
Білім беру ұйымының толық атауы	8 717 25 01 491 polytech@polytech.kz https://polytech.kz ; инстаграмм: https://instagram.com/polytech.astana?igshid=YmMyMTA2M2Y= https://www.facebook.com/polytech.astana
Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды және нақты орналасқан мекен-жайы), қызметке тағайындау бұйрығы Қосымша 2.1	Рысқалиев Болат Құлмұханұлы
Есеп беру бойынша ақпаратты алатын жауапты тұлғамен байланыс координаты	Исмайлова Асем Хамитбековна Жұмыс телефоны: 8-7172 50-14-85 Ұялы нөмірі: 8-701-7514296
Халықаралық аккредитация	2019 жылғы 26 желтоқсанда БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АГЕНТТІКТИҢ Аккредиттеу Кеңесі 25.12.2024 жылға дейінгі мерзімге жеті мамандық бойынша колледжді институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдады. (VETIA-000035 куәлігі)

Колледж ҚР БҒМ 1994 жылғы 29 сәуірдегі №176 бұйрығына сәйкес таратылған Көлік құрылысы және машина жасау техникумдары негізінде ұйымдастырылды. ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №814 қаулысымен колледж Ақмола автомобиль көлігі және Құрылыс және менеджмент колледждерін біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды және бұрынғы көлік құрылысы техникумының материалдық базасында орналасып, Ақмола облыстық білім басқармасының «Политехникалық колледжі» атауына ие болды. 1999 жылы Астана қаласының елорда мәртебесін алуына байланысты колледж қалалық білім басқармасына берілді және «Астана қаласы білім департаментінің «Политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ретінде тіркелді. «Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №6370-1901 - гп 09.09.1999 жыл».

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы №107-33 «Астана қаласының кейбір мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына өзгеріс енгізу

туралы 2020 жылғы 13 сәуірдегі №107-669 қаулысының негізінде, екі колледж қосылды, осыған байланысты колледж 2020 жылғы 1 қазаннан бастап Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

Құрылтай құжаттары, білім беру ұйымы қызметінің ішкі тәртібін регламенттейтін құжаттар, өкімдік құжаттар, оның ішінде:

Астана қаласы Білім беру сапасын қамтамасыз ету басқармасының 2021 жылғы 20 қаңтардағы №KZ43LAA00019700 бұйрығымен техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензия қайта ресімделді. №40-нқ лицензияға барлық қосымшалар 2023 жылғы 26 маусымынан рәсімделген (*Қосымша 2.2 Мемлекеттік лицензия*). Өзін өзі бағалау кезінде колледж келесі аталған мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады:

07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 4S07320106 «Техник – құрылысшы»;

07310400 «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру және қайта құру», 4S07310403 «Техник-дизайнер»;

10130100 «Қонақ үй бизнесі», 4S10130104 «Супервайзер», 3W10130101 «Әкімші»;

10150100 «Туризм», 4S10150104 «Туризм менеджері», 3W10150103 «Туристтік агент»;

07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 4S07161304 «Техник – механик», 3W07161303 «Автомобиль көлігін жөндеу шебері»;

06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы», 4S06130105 «Ақпараттық жүйелер технигі»;

04110100 «Есеп және аудит» 4S04110102 «Бухгалтер»;

07140300 Мехатроника, 4S07140302 «Техник-мехатроник»;

07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», 4S07321202 «Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі», 3W07321201 «Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі»;

07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», 4S07140902 «Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі», 3W07140901 «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші»;

06120200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», 4S06120202 «Ақпараттық қауіпсіздік технигі»

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменттеріне берілген 01.08.2012 жылғы №10661DZ қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес, медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия 21.05.2021 жылы қайта тіркеуден өтті (*Қосымша 2.3 Медициналық қызметпен айналысу бойынша лицензия*).

25.12.2020 жылдан бастап «Астана қаласы Сарыарқа ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан, Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінен» санитарлық нормаларға сәйкестігі туралы акт берілген (*Қосымша 2.4 Санитарлық нормаға сәйкестік актісі*).

Медициналық қызметті жүзеге асыру және емдеу ісі (фельдшер, жалпы практика фельдшері) мамандығы бойынша клиникалық практикада (пациенттермен жұмыс) жұмыс жасау үшін медицина қызметкері А.А.Батырқожанова арнайы сертификаттаудан 11.07.2024ж №621 өтті, сертификат 11.07.2029 жылға дейін жарамды.

2021 жылғы 12 қаңтарда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік берілді; бизнес-сәйкестендіру нөмірі 990340005035.

Кәсіпорын жарғысы Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 01 маусымдағы №1035/0 «Астана қаласы мемлекеттік сатып алу және активтерді басқару» МБ бұйрығының негізінде бекітілген.

№ 0271450 АН жерді тұрақты пайдалану құқығын беретін Акт (жер учаскесінің ауданы – 0,2101 га, нысаналы мақсаты – № 2 оқу корпусын пайдалану).

№ 0277005 АН жерді тұрақты пайдалану құқығын беретін Акт (жер учаскесінің ауданы - 0,8528 га, нысаналы мақсаты – жапсарлас салынған бас корпусты, № 3 оқу корпусын, шеберхана мен гаражды пайдалану).

Оқыту түрі: күндізгі және сырттай, оқыту тілі: мемлекеттік және орыс тілдерінде.

Оқу топтарының саны: - 79.

Колледж құрылымына 2019 жылдан бастап медициналық пункт, №3 студенттік емхананың филиалы, 4 бөлім, 9 кафедра, кітапхана және басқа да оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшелер кіреді.

Колледжде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік құрылды, оған Қазақстан Республикасының 205 бейінді колледжі кіреді. Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі ШЖҚ МКК жанындағы «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік (бұдан әрі-ОӘБ) техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің (бұдан әрі - ТЖКБ) мазмұнын жаңарту және жаңғырту, ОӘБ мүшелерінің кәсіптік деңгейі мен педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында құрылды. Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі ШЖҚ МКК базасында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бейінінің ОӘБ 2018 жылы келесі аталған мамандықтар бойынша құрылды:

- 1312000 «Компьютерлік желілер және телекоммуникациялар»;
- 1313000 «Бағдарламалау»;
- 1314000 «Есептеу техникасы және компьютерлік жабдық»;
- 1315000 «Ақпараттық қауіпсіздік»;
- 1316000 «Микроэлектроника және мобильді құрылғы»;
- 1318000 «Мехатроника және робототехника».

2021 жылғы 17 ақпаннан бастап ОӘБ келесі мамандықтар бойынша құрылды:

- 06120200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»;
- 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»;
- 07141000 «Пошта байланысы».

«Astana Polytechnic» Жоғары колледжі» ШЖҚ МКК Жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы мәселелерін шешуде алқалылықты қамтамасыз ету үшін студенттерді, жұмыс беруші кәсіпорындардың өкілдерін, ата - аналар комитетін және колледж жастар комитетінің мүшелерін оқытуға және тәрбиелеуге тікелей қатысатын колледж педагогтары мен қызметкерлерін біріктіретін педагогикалық кеңес құрылды және жұмыс істейді. *(Қосымша 2.8 Педагогикалық кеңестің құрамы туралы бұйрық, 2.9-қосымша Әдістемелік кеңестің құрамы және педагогикалық этика туралы бұйрық)*

Білім басқармасының 30.10.2018 ж. №627 бұйрығының негізінде техникалық және кәсіптік білім беруді кеңейту, жарғылық міндеттерді іске асыру, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, Отандық және халықаралық білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету саласында жәрдем көрсету үшін Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі негізінде бекітілді. *(Қосымша 2.10 Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы)*

Қамқоршылық кеңестің құрамына жұмыс берушілер серіктестерінің, шағын және орта бизнестің, мемлекеттік құрылымдардың және ата-аналар қоғамының 13 өкілі кірді. Оның ішінде келесі аталған колледж серіктестері: «Астана Innovations» АҚ, «Зерде» Холдингі» АҚ, Орталық Азия республикаларындағы Festo Didactic ЖШС, Астана қаласындағы «Базис» құрылыс компаниясы ЖШС филиалы, «АСТЕК-AUTO» ЖШС, «АТБ Сервис Транс» ЖШС, «Арман-Тур» ТК, «Инком Астана» ЖШС, «Отель», «ТехноНИКОЛЬ» корпорациясы және Астана қаласы бойынша ата-аналар кеңесінің өкілдері бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қамқоршылық Кеңес туралы Ереже әзірленіп бекітілді.

Астана қаласының «Білім басқармасы» ММ 09.12.2020 жылғы № 545 бұйрығының негізінде, Мәслихат депутатының, жұмыс берушілердің, әлеуметтік серіктестердің, Қоғамдық кеңестің және ата-аналар комитетінің өкілдерінен тұратын Қамқоршылық кеңестің құрамы (15 адам) жаңартылды. Серіктестер арасында: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, «Бителем» ӨҚТК АҚ, «№ 1 автобус паркі» АҚ, «ТехноНИКОЛЬ» оқу орталығы, «Арман-Тур» МТА, «АТБ-Сервис Транс» ЖШС, «ТАМУР» ЖШС, «Инком Астана» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Bazis Construction» ЖШС», «Отель» филиалы, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы», Астана қаласы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы және ата-аналар комитетінің 3 өкілі бар.

Қамқоршылық кеңестің отырысында Қамқоршылық кеңестің төрағасын көпшілік ашық дауыс беру арқылы Абжанова Салтанат Агзамқызын сайлады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №566 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы индустриялық кеңес қызметінің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде, колледжде 09.06.2021 жылғы №314/1-ж/к бұйрығымен индустриялық Кеңес құрылды, кеңес құрамы 10 бейінді бағыт бойынша комитеттерден (60 адам) тұрады.

Индустриялық Кеңесті құрудың мақсаты - колледж іске асыратын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы және стратегиялық қажеттілігі бойынша түрлі кеңестер мен ұсынымдар беру, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында дуальды оқытуды әзірлеуге, модульдік-құзыретті тәсілді іске асыруға сараптамалық және техникалық көмек көрсету. *(Қосымша 2.11 Индустриялық кеңестің құрамы туралы бұйрық)*

Колледж қызметі келесі заңдарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Білім туралы заңы, 01.09.2022 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексімен.

- «Сапалы білім беру» Сауатты ұлт» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы.

- ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

- Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңы.

- ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы.

Колледж ұжымы құрылған сәттен бастап, бүгінгі күні әзірленген стратегияға, миссияға сәйкес білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жоғары мақсаттар мен міндеттер қояды және жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, Қазақстанды одан әрі жаңғырту үрдісіне белсенді қатысуға қабілетті жоғары білікті орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етеді.

Колледж жұмысын жоғары органдар әділ бағалады 2022-2023 оқу жылдарының қорытындысы бойынша ұжым қаланың үздік оқу орны ретінде «**Әкім грантын**» жеңіп алды.

Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» ШЖҚ МКК бүгінде Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жетекші оқу орындарының қатарына кіреді. Колледж заманауи даму тенденцияларына, жылдар бойы жинақталған ең озық дәстүрге негізделген сапалы, бәсекеге қабілетті білім береді. Колледж түлектері жұмыспен қамту нарығында еркін бәсекеге түсе алады, IT саласында, автокөлікке техникалық қызмет көрсету, құрылыс, газбен жабдықтау, қонақ үй, туристік бизнес және Қазақстанның байланыс және телекоммуникация саласында табысты жұмыс істейді.

3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР:

3.1. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнe техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнe техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі: Колледждің жыл сайынғы даму стратегиясы негізінде, сапа саласындағы миссияға, саясатқа және мақсатқа сәйкес колледждің жұмыс жоспары әзірленеді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтары жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес).

Колледждің жылдық жұмыс жоспары білім беру саясатының нысаналы басымдығын іске асыруға бағытталған, оған колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары, стратегиялық жоспарлар, педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарлары және т. б. кіреді. (3.1-қосымша. Колледждің жұмыс жоспары)

Жылдық жұмыс жоспары жыл сайын колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітіледі.

Жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту; «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжінің» білім беру бағдарламалары 2023-2024 оқу жылында кредиттік-модульдік технология негізінде жасалды. Оның мазмұны жалпы білім беру пәндерінен, базалық және кәсіптік модульдерден тұрады. Жалпы білім беру пәндерін оқытуға 1440 сағат бөлінген, оның ішінде 72 сағат аралық емтиханды тапсыруға бөлінген.

Колледжде дуальды оқыту жүйесі ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылында колледждегі дуальды оқыту технологиясы келесі мамандықтар бойынша ұйымдастырылған: 10130100 «Қонақ үй бизнесі», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07140300 «Мехатроника», 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникация».

Зертханалық-практикалық сабақтарды орындау

Жалпы білім беретін пәндер бойынша орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын топтарда орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, информатика және дене шынықтыру сабақтарын, модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтарды, сондай-ақ шеберханаларда (зертханаларда және оқу полигондарында) өндірістік оқыту сабақтарын өткізу кезінде топтар шағын топтарға бөлінеді.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша топшаларға бөлу қарастырылған. Колледждің әскери-спорттық кафедрасы мен әдістемелік кеңесінің шешімімен «Дене шынықтыру» пәні бойынша практикалық сабақтар ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 03.07.2014 ж. №228-V ҚРЗ Заңына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің 2023-2024 жылдарға арналған спорттық жарыстарды өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде аптасына 4 сағат секциялар түрінде топшалар бойынша өткізіледі.

Өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту.

Білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледждегі оқу процесі теориялық оқытуды, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберінің, оқу—өндірістік шеберханалар мен полигондардағы практика жетекшісінің басшылығымен, тәлімгердің, практика жетекшісінің басшылығымен-кәсіпорындар базасында орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен және жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады (*Қосымша 3.1.4 Өндірістік оқыту журналы*)

Аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру

Колледжде білім алушыларды аралық аттестаттау курстық жобаларды (жұмыстарды), практика бойынша есептерді, сынақтар мен емтихандарды қорғау түрінде оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аралық аттестаттауға дайындық кезеңінде бекітілген кестеге сәйкес консультациялар өткізіледі.

Жалпы білім беру пәндерінен ТЖКББС сәйкес «Қазақ тілі», «Орыс тілі және әдебиеті», «Русский язык», «Казахский язык и литература», «Математика», «Қазақстан тарихы» және 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07140300 «Мехатроника», 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», 07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 07310400 «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру және қайта құру», 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», 06120200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандықтары бойынша «Физика» пәнінен, 10130100 «Қонақ үй бизнесі», 04110100 «Есеп және аудит», 10150100 «Туризм» мамандықтары бойынша «География» пәнінен емтихан тапсырды.

Сонымен қатар, базалық және кәсіптік модульдер бойынша жұмыс оқу жоспары мен оқу графигіне сәйкес аралық емтихандар тапсырылды. Емтиханды өткізу форматын оқытушылар өздері таңдайды және емтихан тапсырмалары топтамалық әдістемелік комиссия отырысында талқыланып, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарымен бекітілді.

Бағдарлама талаптарын толығымен орындаған, емтихан сессиясын сәтті тапсырған студент директордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылды.

07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 10130100 «Қонақ үй бизнесі», 07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандықтарының жұмысшы біліктілігі бойынша демонстрациялық емтихандар жоспарланған.

Мамандығы бойынша теориялық және практикалық оқытудың толық курсын аяқтағаннан кейін дипломдық жобаны немесе мемлекеттік емтиханды қорғау түрінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауға: Курстық жобалар (жобалық жұмыстар) пәннің теориялық бөлігі аяқталғаннан кейін орындалады. Курстық, жобалық жұмыстардың тақырыптары тиісті пәндер бағдарламаларының көлеміне және курстық жобалаудың оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Жобалауға арналған тапсырма топтамалық әдістемелік комиссия отырысында қаралады және директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді. (*Қосымша 3.1.5 Курстық жұмыс*)

Курстық жобалауға басшылықты тиісті пәннің оқытушысы жүзеге асырады.

Дипломдық жоба (жұмыс) оқуды аяқтаған қорытынды аттестаттау түрі болып табылады. Дипломдық жобаны орындауға теориялық және практикалық дайындықтың барлық түрлері бойынша оқу жоспарын толық орындаған білім алушы жіберіледі. Дипломдық жобалардың тақырыптары заманауи өндірістік талаптарға сай таңдалады, кафедра мәжілісінде талқыланып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. Дәстүрлі дипломдық жұмыстармен қатар колледжде шынайы дипломдық жұмыстар, нақтырақ айтқанда оқу кабинеттерін қайта құру, веб-сайттар құру, мобильді қосымшаларды әзірлеу, жеңіл көлікті қалпына келтіру, қолданыстағы макеттерді құру сияқты жобалар тәжірибеден өтеді. (*Приложение 3.1.6 Дипломдық жұмыс*)

Оқу үрдісін ұйымдастыру колледж директоры бекіткен оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады (*3.3-қосымша. Оқу үрдісінің кестесі*).

Оқу сабақтарының кестесі оқу үрдісінің кестесіне, жұмыс оқу жоспарларына, оқытушылар арасында жүктемені жеке бөлуге, студенттердің апталық жүктемесін ескере отырып, аудиториялық қордың жұмыспен қамтылуына сәйкес жасалады және оқу жылында

екі рет колледж директоры бекітеді. Сабақ кестесі оқу жылы ішінде тұрақты және қатаң сақталады. Мерекелік апта қарастырылған.

Ұжымның тұрақты жұмысы үшін оқытушылардың педагогикалық жүктемені бөлуге қызығушылығы қажет. Педагогикалық жүктеме циклдік комиссиялардың, кафедралардың отырыстарында бөлінеді, кәсіподақ комитетімен келісіледі, педагогикалық кеңесте талқыланады және колледж директоры бекітеді. Педагогикалық жүктеменің орындалуын есепке алу жұмысын оқу бөлімі жүзеге асырады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдерге интеграцияланған білім беру бағдарламаларын оқыту: колледж қолданбалы бакалавриат бойынша маман даярламайды.

3.2 ТЖКОБкБ жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills (Ворлдскиллс) кәсіптік стандарттары (бар болса) талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы

2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына» және 2023-2024 оқу жылына арналған 22 тамыз 2023 жылдың шығыс нөмері 5-05-02/5070-И оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар негізінде әзірленді.

07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 4S07320106 «Техник – құрылысшы»; 07310400 «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру және қайта құру», 4S07310403 «Техник-дизайнер»; 10130100 «Қонақ үй бизнесі», 4S10130104 «Супервайзер», 3W10130101 «Әкімші»; 10150100 «Туризм», 4S10150104 «Туризм менеджері», 3W10150103 «Туристтік агент»; 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 4S07161304 «Техник – механик», 3W07161303 «Автомобиль көлігін жөндеу шебері»; 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы», 4S06130105 «Ақпараттық жүйелер технигі»; 04110100 «Есеп және аудит» 4S04110102 «Бухгалтер»; 07140300 Мехатроника, 4S07140302 «Техник-мехатроник»; 07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», 4S07321202 «Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі», 3W07321201 «Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі»; 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», 4S07140902 «Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі», 3W07140901 «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші»; 06120200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», 4S06120202 «Ақпараттық қауіпсіздік технигі» мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарлары «Талап» КЕАҚ сайтында 2022 жылғы енгізілген білім беру бағдарламаларының тізілімінде орналастырылған білім беру бағдарламасының паспорты, кәсіби стандарттар мен «Information Network Cabling», 10 «Welding», 13 «Autobody Repair», 33 «Automobile Technology», «Web Technologies», «Графикалық дизайн», «Желі және желілік әкімшелендіру», «IT Software Solutions for Business», «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» WS стандарттары негізінде жасалды.

Білім беру бағдарламасы төлқұжаттан, жұмыс оқу жоспарынан, оқу нәтижелеріне бағытталған жұмыс оқу бағдарламаларынан тұрады.

Барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары 2022 жылғы 31 наурыздағы «Индустриялық кеңесте» қаралды және №4 хаттама арқылы мақұлданды.

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарлары кредиттік-модульдік технология бойынша жасалды.

2023-2024 оқу жылына жұмысқа орналастыруға міндетті кәсіпорындардың өтінімдері бойынша ТЖКБ кадрлар даярлау 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы, 4S07161304 «Техник-механик» біліктілігі бойынша

оқуға қабылданды. Оқуға 15 студент қабылданып, кәсіпорын, колледж және білім алушы арасында 3 жақты келісім-шарт жасалды және кадрларды даярлау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, жұмыс оқу жоспары дуальды оқыту технологиясы бойынша әзірленді.

3.3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарлары кредиттік-модульдік технология негізінде әзірленді. Барлық мамандықтар бойынша жалпы білім беретін пәндерге 1440 сағат (60 кредит) қарастырылған, бұл пәндерді бірінші және екінші курстарда оқытылады. «Дене шынықтыру» сабақтары аптасына 4 сағат жоспарланған. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні 96 сағат көлемінде, оның ішінде жазғы кезеңде оқу-далалық жиындарға 36 сағат көлемінде өткізіледі. «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» курсы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, оқу жұмыс жоспарына міндетті базалық модульдер БМ 1 «Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру», БМ 2 «Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану», БМ3 «Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану», БМ4 «Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» енгізілген.

Барлық пәндер бойынша бақылау жұмыстары мен сынақтар оларды оқуға бөлінген уақыт есебінен өткізіледі, емтихандар – аралық аттестаттауға бөлінген мерзімде көлемінде қарастырылған.

Білім алушыларға көмек көрсету және жеке қабілеттерін дамыту үшін жылына 100 сағаттан аспайтын консультациялар және аптасына 4 сағаттан аспайтын факультативтік сабақтар көзделген. Факультативтік сабақтар еңбек нарығының талаптарын ескере отырып және білім алушылардың өтініші бойынша әлеуметтік әріптестердің ұсынысы бойынша өткізіледі.

Енді, кәсіптік модульдерге мамандықтар бойынша тоқталар болсам:

1. 07310400 «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру және қайта құру» мамандығы 4S07310403 «техник-дизайнер» біліктілігі бойынша оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізеді. Оқу жұмыс жоспары "Art Studio Бонни & Клайд" дизайн студиясымен келісілген, директоры Жайдаров Б. К.

Бірінші курста КМ1 «Интерьер дизайнерінің негізгі дағдыларын анықтау» модулі оқытылады. Екінші курста КМ2 «Эскиздеу, макеттеу бойынша жекелеген жұмыстарды орындау», КМ3 «Эскиздерді, макеттерді, физикалық модельдеуді, прототиптеуді орындау», КМ4 «Компьютерлік модельдеуді қолдану және визуализация макет моделінің презентациясы» кәсіби модульдері көзделген.

Төрт кәсіби модульді оқығаннан кейін практикалық жұмысты орындау түрінде аралық аттестаттау қарастырылған.

Үшінші курста КМ5 «Интерьерді архитектуралық-дизайнерлік жобалау», КМ6 «Қалпына келтіретін ғимарат жобасының сәулеттік және құрылымдық шешімдерінің эскиздерін әзірлеу», КМ7 «Қайта құрылатын аналогтық объектілерді зерттеу, жобалау және пайдалану тәжірибесін қолдану» кәсіптік модульдер қарастырылған.

Біліктілікті игерудің тәжірибелік өтілін кеңейту мақсатында білім алушының жеке компоненті КМ5 «Интерьерді сәулеттік-дизайнерлік жобалау» және КМ 6 «Қалпына келтірілетін сәулеттік және құрылымдық шешімдерінің эскиздерін әзірлеу» кәсіби модульдері шеңберінде жобалау (курстық) жұмысы арқылы іске асырылады. Барлық пәндер бойынша бақылау жұмыстары мен сынақтар оларды оқуға бөлінген уақыт есебінен өткізіледі, емтихандар – аралық аттестаттауға бөлінген мерзім көлемінде қарастырылған.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кәсіптік модульдерге бөлінген кредиттердің жалпы көлемінің 51% құрайды.

Қорытынды аттестаттау дипломдық жобаны қорғау аясында өткізіледі, оны орындауға 216 сағат (9 кредит) жоспарланған.

Жалпы Орта буын маманын дайындауға 180 кредит 4320 сағат қарастырылған.

2. 07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы, біліктілігі: 3W07321201 «Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі», 4S07321202 «Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі», оқыту тілі: орыс тілі. Мамандық бойынша бірінші курста КМ 1 «Газ қондырғыларындағы жабдықты пайдалану жөніндегі техниктің негізгі дағдыларын анықтау» модулі оқытылады. Содан кейін 3W07321201 «Газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь» біліктілігін алу үшін оқу жоспарында КМ2 «Газ жабдығын баптау және орнату жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау», КМ3 «Үй- ішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау», КМ4 «Газ тасымалдау жабдығына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау», КМ5 «Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау», КМ6 «Газ саласы объектілерінде апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау» кәсіптік модульдері жүргізіледі. Колледждің ресурстық орталықтарының базасында білім алушыларды қосымша даярлау үшін оқу жоспарына КМ7 «Grohe» технологиясы бойынша санитарлық-техникалық жабдықтар» модулі кіргізілді. Осы жұмысшы біліктілігі бойынша кәсіби модульдерді оқығаннан кейін демонстрациялық емтиханы немесе біліктілік емтиханы түрінде тәжірибелік жұмыс нысанында аралық аттестаттау қарастырылған.

4S07321202 «Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі» біліктілігі бойынша келесі кәсіптік модульдерді оқыту көзделген: КМ8 «Газ тарату және газ тұтыну жүйелерін жобалау», КМ9 «Газ тарату және газ тұтыну жүйелерін монтаждау» және КМ10 «Газ тарату және газ тұтыну жүйелері мен құралдарды пайдалану». КМ9 және КМ10 модульдері бойынша жобалау жұмысы шеңберінде білім алушының жеке компетенеттері жүзеге асырылады.

Қорытынды аттестаттау дипломдық жобаны қорғау нысанында өткізіледі, оны орындауға 216 сағат (9 кредит) жоспарланған.

Жалпы Орта буын маманын дайындауға 180 кредит 4320 сағат қарастырылған.

3. 07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы 4S07320106 «техник – құрылысшы» біліктілігі бойынша оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Оқу жұмыс жоспары "Bazis Construction" ЖШС-нің Астана қаласындағы филиалымен келісілді, директоры С. К. Алдонғаров.

Бірінші курста оқу жұмыс жоспарына білім алушыларды кәсіптің ерекшеліктерімен таныстыру және оның болашақ кәсіби қызметіне қызығушылықты ояту үшін 72 сағат (3 кредит) көлемінде КМ1 «Құрылыс саласындағы технологияларды дамыту жағдайында бағдарлау» енгізілді.

КМ 2 «Кәсіби қызмет саласында кәсіби лексиканы қолдану», білім алушыларды іскерлік орыс тілінің ауызша нысандарымен және іскерлік коммуникацияның техникалық құралдарымен, ресми-іскерлік стильдің деректемелерімен, құжаттарды ресімдеу ережелерімен таныстыру үшін оқу жоспарына енгізілген, студенттердің ресми-іскерлік стильдің тәжірибелік жазбаша және ауызша дағдыларын меңгеру қажеттілігін ашады. Екінші кәсіби модуль Soprano Group әзірлеген білім беру бағдарламасының «Коммуникация және өзара әрекеттесу саласындағы құзыреттілік» модулі негізінде біріктірілген. Модульді зерттеуге 72 сағат (3 кредит) қарастырылған.

4S07320106 «Техник– құрылысшы» біліктілігін алу үшін оқу жоспарында екінші курста келесі кәсіптік модульдер қарастырылған: КМ3 «Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды сақтау», КМ4 «Тақталы материалдардан және гипсті (ғаныш) тіл-ойық тақталарынан қаңқалы – қаптамалы құрылымдарды тұрғызу», КМ5 «Ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға қатысу». Осы кәсіби модульдерді игергеннен кейін "Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары" құзыреті бойынша WorldSkills стандартының талаптарына сәйкес тәжірибелік жұмыс нысанында демонстрациялық немесе біліктілік емтиханы түрінде аралық аттестаттау көзделген.

3 курста КМ 6 «Құрылыс нысандарын салу, пайдалану және қайта құру кезіндегі технологиялық процестерді орындау», КМ 7 «Құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындау,

ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану және қайта құру кезіндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру» модулін оқыту қарастырылған.

Тұрғын үй және өнеркәсіптік қызметке жоғары талаптар қойылуда және құрылыс қызметтерінің инжиниринг саласы осы талаптарға сай болуы керек. Құрылыс қызметтері инжинирингінің қызметінде ғимараттарды пайдалануда төмен шығындарға қол жеткізу және тұрақты дамуды қолдау мақсатында энергия тиімділігіне көбірек мән беріледі.

Жоғарыда айтылғандай, БМ 2 «Ақпараттық- коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану» базалық модульі және КМ 5 «Ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға қатысу», КМ 6 «Құрылыс кезінде технологиялық процестерді орындау» кәсіби модульі Soprano Group әзірлеген білім беру бағдарламасының "Электр және автоматты қондырғылар" модульімен интеграцияланған.

Біліктілікті игерудің практикалық тәжірибесін кеңейту мақсатында КМ 5 «Ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға қатысу» және КМ 6 «Құрылыс нысандарын салу, пайдалану және қайта құру кезіндегі технологиялық процестерді орындау», КМ 7 «Құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындау, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану және қайта құру кезіндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру» кәсіби модульдері шеңберінде жобалау жұмысы арқылы білім алушының жеке компоненті іске асырылады.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кәсіптік модульдерге бөлінген кредиттердің жалпы көлемінің 49 % құрайды.

Қорытынды аттестаттау дипломдық жобаны қорғау нысанында өткізіледі, оны орындауға 216 сағат (9 кредит) жоспарланған.

Жалпы Орта буын маманын дайындауға 180 кредит 4320 сағат қарастырылған.

4. 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы 4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы», 4S06130105 «Ақпараттық жүйелер технигі» біліктіліктері бойынша оқыту мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. Оқу жұмыс жоспарлары «ТАMUR» ЖШС бас директоры Б.М. Берентаевпен келісілді. Оқу жұмыс жоспарында бірінші курста білім алушыларды кәсіптің ерекшеліктерімен таныстыру және оның болашақ кәсіби қызметіне қызығушылықты ояту үшін 72 сағат көлемінде (3 кредит) КМ 01.5.1 «Ақпараттық технологиялар негіздері бойынша оқу тәжірибесі» қарастырылған.

4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы» біліктілігін алу үшін келесі кәсіби модульдерді оқыту қарастырылған: КМ 01 «Компьютерлік жабдықты құрастыру, диагностикалау және баптау», КМ 02 «Еңбекті қорғаудың, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің заңнамалық-құқықтық негіздері», КМ 03 «Кәсіби лексиканы кәсіптік қызметте қолдану», КМ 04 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды жобалау», КМ 05 «Web-қосымшаларды әзірлеу», КМ 06 «Сандық және аналогтық схемаларды әзірлеу, микроконтроллерлерге арналған БҚ бағдарламалық кодын баптау», КМ 07 «Мобильді қосымшаларды әзірлеу», КМ 08 «Бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау», КМ 09 «Желілік және жүйелік әкімгерлеу», КМ 10 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушының негізгі жұмыс түрлерін орындау».

4S06130105 «Ақпараттық жүйелер технигі» біліктілігі бойынша КМ 01 «Жергілікті компьютерлік желіні және ұйымның серверлік жабдықтарын орнату және техникалық қызмет көрсету», КМ 02 «Еңбекті қорғаудың, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің заңнамалық-құқықтық негіздері», КМ 03 «Кәсіби лексиканы кәсіптік қызметте қолдану», КМ 04 «Графикалық интерфейстің жеке элементтерін жасау», КМ 05 «Ақпараттық жүйені құру (өзгерту) процестерін әзірлеу және техникалық қамтамасыз ету», КМ 06 «Клиенттік веб-қосымшаны әзірлеу», КМ 07 «Мобильді қосымшаларды әзірлеу», КМ 08 «Серверлік қосымшаларды әзірлеу», КМ 09 «Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету», КМ 10 «Ақпараттық жүйелер технигі ретінде негізгі жұмыс түрлерін орындау». Біліктілікті игерудің практикалық тәжірибесін кеңейту мақсатында КМ 04 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды жобалау» кәсіби модульі шеңберінде жобалау жұмысы арқылы білім алушының жеке компоненті іске асырылады.

Екі біліктілік бойынша өндірістік оқыту және кәсіптік практика кәсіптік модульдерге бөлінген кредиттердің жалпы көлемінің 50% құрайды. Қорытынды аттестаттау қорытынды біліктілік жұмысы нысанында өткізіледі, оны орындауға 144 сағат (6 кредит) жоспарланған.

Жалпы Орта буын маманын дайындауға 180 кредит 4320 сағат қарастырылған.

5. 06120200 «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы 4S06120202 «Ақпараттық қауіпсіздік технигі» біліктілігі бойынша оқыту мемелкеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Біліктілік негізінде келесі кәсіби модульдерді оқыту қарастырылған: КМ 01 «Желілік инфрақұрылымды басқару, пайдалану және қолдау», КМ 02 «Еңбекті қорғаудың, экологиялық, өнеркәсіптік және ақпараттық қауіпсіздіктің заңнамалық-құқықтық негіздері», КМ 03 «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық-аппараттық құралдарын әкімшілендіру, пайдалану және қолдау», КМ 04 «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық-аппараттық құралдарын әкімшілендіру, пайдалану және қолдау», КМ 05 «Корпаративтік ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін баптау», КМ 06 «Криптография және ақпаратты автоматтандырылған өңдеу әдістерін қолдану», КМ 07 «Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін бақылау және басқарудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын әкімшілендіру, пайдалану және қолдау», КМ 08 «Ақпараттық қауіпсіздік технигі» біліктілігі бойынша практикалық жұмыстарды орындау».

Біліктілікті игерудің практикалық тәжірибесін кеңейту мақсатында КМ 07 «Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін бақылау және басқарудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын әкімшілендіру, пайдалану және қолдау» кәсіби модулі шеңберінде жобалау жұмысы арқылы білім алушының жеке компоненті іске асырылады.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кәсіптік модульдерге бөлінген кредиттердің жалпы көлемінің 50% құрайды.

Қорытынды аттестаттау қорытынды біліктілік жұмысы нысанында өткізіледі, оны орындауға 144 сағат жоспарланған (6 кредит).

Жалпы Орта буын маманын дайындауға 180 кредит 4320 сағат қарастырылған.

6. 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспары, біліктіліктері: 3W07140901 «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші»; «4S07140902 - Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі», оқыту тілі мемлекеттік және орыс тілі.

Оқу жұмыс жоспары «КазТелеСистем» ЖШС-мен келісілген, директоры А.Бейсенбекұлы.

Бірінші курстың жұмыс оқу жоспарында білім алушыларды кәсіптің ерекшеліктерімен таныстыру және оның болашақ кәсіби қызметіне қызығушылықты ояту үшін 72 сағат (3 кредит) көлемінде КМ 1 «Экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптар» оқыту көзделген.

3W07140901 «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші» біліктілігін алу үшін екінші курстың оқу жоспарында КМ2 «Электромеханикалық және радиотехникалық аспаптар мен жүйелерің құрастыру-монтаждау жұмыстарын орындау», КМ3 «Құрылымдық кабельдік желілерді және телекоммуникациялық жабдықты монтаждау», КМ4 «Ақпараттық-коммуникациялық жабдықты монтаждаудың кешенді тексеруін орындау» кәсіби модульдері көзделген.

3W07140901 «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші» біліктілігіне арналған кәсіби модульдерді оқығаннан кейін аралық аттестаттау практикалық жұмыс түрінде демонстрациялық емтихан немесе біліктілік емтиханы түрінде тапсыру қарастырылған.

Біліктілікті игерудің тәжірибелік өтілін кеңейту мақсатында білім алушының жеке компоненті КМ4 «Ақпараттық-коммуникациялық жабдықты монтаждаудың кешенді тексеруін орындау» кәсіптік модульдері шеңберінде жобалау (курстық) жұмысы арқылы іске асырылады.

